

## САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**Абдиравитова З.Н.**, МО-22-1к тобының студенті, 3 курс  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.  
Ғылыми жетекші – Кенжеғали Ж.М, қауымдастырылған профессор

Мақалада саяси репрессиялар ұғымы, олардың тарихи және қазіргі заманғы көріністері, сондай-ақ адам құқықтарының бұзылуы мәселелері қарастырылады. Автор саяси репрессиялардың тоталитарлық және авторитарлық режимдердегі қолдану формаларын талдай отырып, олардың жеке тұлғаға және қоғамға тигізетін әсерін сипаттайды. Сонымен қатар, халықаралық құқық аясындағы адам құқықтарын қорғау тетіктері, БҰҰ мен басқа ұйымдардың рөлі талқыланады. Қазақстан мен басқа да посткеңестік елдердегі тарихи тәжірибеге ерекше назар аударылады. Мақала саяси репрессияларға қарсы тұру жолдарын, азаматтық қоғамның, БАҚ пен халықаралық ұйымдардың маңызын да қамтиды.

Саяси репрессия – адамзат тарихындағы ең ауыр әлеуметтік және құқықтық құбылыстардың бірі. Бұл ұғым биліктің өз қарсыластарын, оппозициялық көзқарас ұстанушыларды, немесе жай ғана басқа ой айтқандарды түрлі әдістермен – қудалау, қуғындау, абақтыға жабу, жер аудару немесе өлтіру арқылы басып-жаншуын білдіреді. Әсіресе, XX ғасырда тоталитарлық режимдер кезеңінде саяси репрессия кең етек жайып, миллиондаған адам зардап шекті. Бұл құбылыс тек саяси құрылымның қатыгездігін емес, сонымен қатар адам құқықтарының жаппай бұзылуын көрсетеді. Бүгінгі күні де саяси репрессияның түрлі формалары әлемнің кейбір елдерінде байқалады. Адам құқықтарының универсалды принциптері – сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, әділ сотқа жүгіну құқығы, азаптаудан қорғану және заң алдында теңдік – репрессиялық әрекеттер арқылы жиі тапталады. Осы мақалада саяси репрессия ұғымының мәні, оның адам құқықтарына әсері, тарихи мысалдар, сондай-ақ халықаралық құқықтағы қорғау механизмдері қарастырылады.

Бүгінгі таңда ғылыми және қоғамдық тұрғыдан өзекті мәселелердің бірі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау болып табылады. 1929-1953 жж. шамамен 5,4 млн. кеңес азаматтары түрлі қуғын-сүргінге ұшырады, 1932-1933 жылдардағы Украина, Беларусь, Солтүстік Кавказ, Еділ, Оңтүстік Орал, Батыс Сібір, Қазақстан аумақтарындағы жаппай ашаршылық 2-ден 8 млн. - ға дейінгі әртүрлі бағалаулар бойынша адам өмірін қиды [1].

Кеңес үкіметі кезеңінде (әсіресе И.В. Сталин тұсында) саяси репрессиялар жаппай сипат алды. 1937–1938 жылдары «Үлкен террор» кезінде миллиондаған адам «халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді немесе ГУЛАГ лагерлеріне жіберілді. Қазақстанда да бұл науқан қатты белең алды. Алаш зиялылары – Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты көптеген қайраткерлер жалған айыптармен атылды немесе түрмеде қайтыс болды. Гитлерлік Германияда да саяси және этникалық репрессиялар ерекше қатал сипат алды. Оппозициялық саяси партиялар (мысалы, коммунистер), еврейлер, сығандар, гомосексуалдар, мүгедектер мен басқа да топтар жойылды. Бұл - адам құқықтарының жүйелі түрде жойылғанының айқын мысалы [2].

Қазіргі таңда да кейбір авторитарлық елдерде саяси репрессиялар орын алып отыр. Блогерлер мен журналистерді түрмеге жабу, оппозициялық партияларды тыйым салу, митингілерді күшпен тарату – бұлар қазіргі әлемде адам құқықтарының бұзылуының көрінісі. Адам құқықтары - әрбір адамның тумысынан иеленетін ажырамас құқығы. Бұл құқықтар БҰҰ-ның 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген. Саяси репрессиялар дәл осы құжатта көрсетілген негізгі құқықтарды бұзады:

- 1-бап: Барлық адамдар қадір-қасиет пен құқықтары тең болып туады;
- 5-бап: Ешкім азаптауға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын қатынасқа ұшыратылмауы тиіс;

- 9-бап: Ешкімді негізсіз тұтқындауға, қамауға алуға немесе елден шығарып жіберуге болмайды;

- 19-бап: Әр адам пікір білдіру және сөз бостандығына құқылы.

Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері де бар:

- БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі;

- Еуропалық Адам құқықтары соты (Еуропа елдері үшін);

- Халықаралық қылмыстық сот (геноцид, соғыс қылмыстары және адамзатқа қарсы қылмыстар үшін):

Қазақстан да бірнеше халықаралық келісімдерге қосылған, бірақ олардың іске асуы көбіне ішкі саяси ерікке байланысты.

Саяси репрессиялар тек жеке тұлғаларды ғана емес, тұтас халықтың тарихи жады мен болашағына әсер етеді. Репрессияға ұшыраған отбасылар бірнеше ұрпақ бойы психологиялық, әлеуметтік және экономикалық ауыртпалықтар көреді. Қазақстанда жыл сайын 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып өтеді. Бұл – тарихтан сабақ алып, болашақта мұндай зұлмат қайталанбауы үшін қажетті маңызды қадам. Сонымен қатар, ақталған репрессия құрбандарын зерттеу, олардың есімін қайта жаңғырту, архивтік материалдарды ашық ету – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің бір жолы[3].

Саяси репрессиялар – адамзат тарихындағы ең қаралы парақтардың бірі. Олар биліктің өз халқының еркін ойлауына, сөз айтуына, өз көзқарасын білдіруіне төзбеушілігінен туындайды. Репрессиялар тарихы – бұл тек саяси шешімдердің немесе билік күресінің тарихы емес, бұл – адам тағдырларының, ұрпақтардың, халық рухының тарихы. Олар жеке тұлғаның қадір-қасиетіне, өмір сүру құқығына, ар-ождан мен еркіндікке жасалған ауыр қиянат ретінде есте қалды. Қазақстан халқы да мұндай зұлмат кезеңді бастан кешірді. Кеңес үкіметі кезінде мыңдаған адам, соның ішінде ең озық ойлы, білімді, ұлтжанды азаматтар жалған саяси айыптармен атылды, айдалды, түрмеге жабылды. Бұл – ұлттың рухани және мәдени әлеуетіне жасалған ауыр соққы болды. Жазықсыз жапа шеккендердің есімдері тек бүгінгі тәуелсіздік заманында ғана қайта жаңғырып, әділдік орнай бастады[4]. Бұл – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам. Бірақ саяси репрессияны тек өткен шақпен ғана шектеуге болмайды. Бүгінгі таңда да әлемнің түрлі аймақтарында репрессиялық әдістер қолданылады. Қазіргі замандағы қуғын-сүргін – біршама жұмсарған, бірақ еппен жүргізілетін, жасырын формаларда көрініс табуы мүмкін. Олар – сөз бостандығын шектеу, ақпаратқа тосқауыл қою, азаматтық белсенділерді қудалау, бейбіт шерулерге рұқсат бермеу және құқық қорғаушыларға қысым көрсету түрінде жүзеге асады. Сондықтан адам құқықтары туралы тек теория жүзінде емес, практикалық тұрғыдан да сөз қозғау қажет. Демократиялық қоғамда азаматтардың құқығын қорғау – тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр адам өз құқығын білуге, оны талап етуге, басқалардың құқықтарын құрметтеуге үйренуі тиіс. Бұл – құқықтық мәдениеттің негізі. Қоғамда репрессияның алдын алудың бірден-бір жолы – ашықтық, заң үстемдігі, билік тармақтарының тәуелсіздігі, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі, азаматтық қоғамның белсенділігі. Осы тетіктер жұмыс істесе, ешқандай репрессия өз тамырын терең жая алмайды. Сонымен қатар, қоғамның ұжымдық жады – өткендегі қателіктерді қайталамаудың кепілі. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – бұл тек тарихи акт емес, бұл – адамзаттың моральдық және гуманистік борышы. Олардың өмірі мен күресі арқылы біз адам құқықтарының құндылығын терең сезінеміз[5].

Қорытындылай келе, саяси репрессиялар – тек тарих сабағы ғана емес, ол – бүгінгі күн үшін де ескерту. Адам құқығы – тек заңнамада жазылған қағида емес, ол – адамның ең қасиетті, ең негізгі құндылығы. Сол құндылықты сақтау – әрбір қоғамның, әрбір биліктің, әрбір адамның абыройлы борышы.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаева М. Реабилитация жертв политических репрессий: этапы и проблемы. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/339228>. [қаралған күні: 24.04.2025](#)
2. Нүрпейіс К. «Алаш һәм Алашорда». - Алматы: «Ататек». - 1995. – 224 б.
3. Кенжалин С. Саяси қуғын-сүргін және қазақ зиялылары. Алматы: Өнер. 2003.
4. Есмағамбет Қ. Қазіргі Қазақстандағы саяси құқықтар мен адам бостандығы мәселелері. Қоғам және Дәуір, 2021. - №2(58) - 15–23 бет.
5. Назарбаева А. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық құқықтық аспектілері // Халықаралық құқық және саясат. – 2019. - №3. - 34–41 бет

## РЕПРЕССИЯ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

**Байжұма Г., PhD доктор, Абдильдина Б.С., магистр**  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Кез келген өркениетті ұлт өз тарихын қадір тұтады, оны ұрпақтың санасына енгізуге бар мүмкіндікті жасайды. Тарих - халықтың мыңдаған жылдар жинаған тәжірибесі, ақыл-ой, рухани байлығы, асыл қазынасы. Сондықтан, қазақ ұлттық бірегейлікте, біртұтас болу үшін, жаңа талапқа сай тарихыда болуы заңды. Кеңестік дәуірде Қазақстан мен шет елдердегі қазақтардың ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын зерттеп, парасаттылықпен зерделеудің маңызы зор. Бір ұрпақтың басынан кешкенін, келер ұрпаққа толқанды жеткізу басты міндет болмақ. Қаншама зобалаң жылдарды бастан кешкен қазақтың әрқайсысының айтқан зары, кешкен мұңы, жүріп өткен тары жолдары – бәрі де бүгінгі ұрпақтың құлағында, жүрегінде, мәңгі есінде болуы тиіс. Халық тарихты жасаушы, байланыстырушы буын ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің дамуының көрсеткіші. Қазіргі заманғы тарих ғылымында басты назар тікелей тарихты жасаушы – халық пен адамды зерттеуге арналған. Отандық тарих ғылымы оның негізінде халықтардың тарихы мәселесін жан жақты және тиянақты зерттемей одан әрі қарай дами алмайды.

Өткен ғасыр біртұтас қазақ ұлтының тарихында қайғысы мол, қасіреті ауыр кезең болды. Қандай халық болса да, өз тарихи тағдырына енжар қарай алмайды. Ғасырлар өтседе XX ғасырдағы жалпы қазақтың, соның ішінде Моңғолия қазақтарының басынан өткен репрессияның салдары мен зардабы, мезгілсіз ажал құшқан азаматтарын ел есінде мәңгі сақталуына үлес қосу өзекті мәселелердің бірі және бірегейі болмақ. Дәл осындай қилы тағдыр Моңғолия қазақтарын да бей жай қалдырмады.

Моңғолияда жаппай репрессия 1922 жылдың өзінде басталып кетті. Репрессия кезінде 800-ге жуық ғибадатхана мен 7 мешіт жойылды. Ал, 1937-1938 жылдары қуғын – сүргін шырқау шыңына жетті, 1939 жылдан бастап сәл бәсеңдеді, бірақ сол кездегі моңғол қоғамының барлық буындарын қамтыған әртүрлі формада көптеген жылдарға дейін созылды. Моңғолиядағы сталиндік-чойбалсандық репрессиясы әлеуметтік зиялыларға, діндарларға, өзге этностық топтарға қарсы бағытталды. Адамдар жапондық тыңшылар ретінде жиі қудаланды. Әдетте, қуғын-сүргін кезінде 45000 нан - 55000 адам, тіпті 100000 адам өлтірілген деп есептеледі. Моңғолия халқының 8-13 % атылған болса, олардың арасында қазақтар да қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. Сол кездегі Моңғолия Халық Революциялық Партиясының басшысы Х.Чойбалсанның басшылығымен және Сталиннің тікелей қысымымен он мыңдаған жазықсыз моңғолдар мен қазақтарды жаппай қырып-жоюға әкелді. [1, 85 б.]. Моңғолияның ұлттық мүддесі мен тәуелсіздігін қорғаған моңғол жазушылары мен ғалымдарының еңбектеріне тыйым салынып, өртелді. Осы репрессияның кезінде моңғол зиялылары тұтқындалып, жазаланды, олардың көпшілігі өлім жазасына кесілді. Сөйтіп, жаппай қырып-жою, басып-жаншу мақсатында жүргізілетін